

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Қақтығыс ошақтары болған аймақтардың тәжірибесін қарасақ, этносаралық қатынасты дамытуға қатысты бейімделу көріністері аз екені анықталуда. Қазақстандық қоғамға сіңісу, шынайылықты қабылдаудың жоқтығы нақты көрінуде.

Анклавтардың болуы қабылдаушы елдің экономикасы мен мәдениеті тұрғысынан өте даулы мәселе. Мұндай елді мекендердің пайда болуы көптеген проблемалар мен олардан туындайтын салдарға тікелей әкеледі[5]. Мұндай проблемаларға мыналар жатады:

- анклавтардың құрылуы шетелдік азаматтарды қабылдаушы қоғамға интеграциялау жолында тосқауыл болып табылады;

- жергілікті халық бөтен мәдениеттің ошақтарын теріс қабылдайды, нәтижесінде бас тарту, жеккөрушілік және ұлтшылдық пайда болады;

- қабылдаушы қоғамдастық үшін мұндай көршілік көптеген қолайсыздықтарға әкеледі: мигранттар қоныстанған шағын ауданның тартымдылығы төмендейді, мектепке дейінгі және мектептегі білім сапасы нашарлайды;

- еңбек нарығындағы сегрегация;

- криминогендік проблема, бұл шет елде өз мүдделері қанағаттандырылмаған жағдайда, мигранттар қылмыстық топтарға қатыса бастайды немесе елге есірткі әкеле бастайды[5].

Этникалық анклав мәселесі Қазақстан қоғамы және әлемдік деңгейде өзекті мәселе екендігі әлеуметтік шынайылық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Адилханулы Н.А. Процессы этнической анклавизации: мировой опыт и Казахстан // Постсоветские исследования. – Т. 2. – №1. 2019. – С. 823-839.

2. Аламанов С.К. Анклавы в Центральной Азии: история вопроса и современные проблемы // Постсоветские исследования. – Т. 1. – №5. – 2018. – С. 451- 460.

3. Мадюкова С.А. Этнические анклавы в пространстве г. Новосибирска // С.А. Мадюкова, О.А. Персидская Сборник материалов VI Международной научно-практической конференции. [Электронное издание]: «Специфика этнических миграционных процессов на территории Центральной Сибири в XX–XXI веках: опыт и перспективы». – 2017. – С. 68-71.

4. Мадюкова С.А. Этнические анклавы как социокультурный феномен // С.А. Мадюкова Материалы XIV Межрегиональной научной конференции молодых ученых в области гуманитарных и социальных наук: «Актуальные проблемы гуманитарных и социальных исследований». Ответственные редакторы: канд. юрид. наук А.Б. Дидикин, канд. филос. наук В.В. Петров. – 2016. – С. 151-153.

5. Трушкова Е.А. Феномен этнических анклавов и его отражение в научных исследованиях // Е.А. Трушкова. Вестник Санкт-Петербургского университета. Социология. – Т. 11. – № 3. – 2018. – С. 377-392.

ӘОЖ 316.36

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫ МӘСЕЛЕСІ

Аманжол Гүлназ Маратқызы
ga308327@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Әлеуметтану» білім беру бағдарламасының студенті,
Астана, Қазақстан

Исабаев Елдар Арманович

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің студенті, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Исабаева Шынар Суиндиқовна

Отбасы тұлғаның қалыптасуында, жеке тұлғаның әлеуметтенуінде шешуші рөл атқарады. Ол баланы әлеуметтік өмірмен байланыстыратын алғашқы агент. Әлеуметтанулық еңбектерде отбасы құрылымы әлеуметтік процестердің көрінісі ретінде қарастырылады. Біріншіден, құрылымдық функционализм парадигмасы отбасының әлеуметтік тәртіптің ажырамас бөлігі ретіндегі маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл парадигманың принциптері отбасының әлеуметтену функциясын, оның материалдық және эмоционалдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлін, сондай-ақ әлеуметтік тәртіпті орнатуға қосқан үлесін атап көрсетеді. Екінші жағынан, әлеуметтік конфликт теориясы әлеуметтік теңсіздікті ескере отырып, отбасылық қатынастарды талдайды. Отбасылық құрылымдарды талдай отырып, Ф.Энгельс сияқты зерттеушілер отбасының мүлікті сақтау мен берудегі рөліне, сондай-ақ патриархат пен гендерлік рөлдердің әлеуметтік теңсіздіктің пайда болу әсеріне назар аударады [1]. Символдық интеракционизм парадигмасында неке отбасы мүшелерінің эмоционалды өзара әрекеттесуіне ықпал ететін жақын байланыстың бір түрі ретінде қарастырылады. Теорияға сәйкес ата-ананың рөлі ата-аналар мен балалар арасындағы жақындыққа ықпал етуіне, кедергі келтіруіне де әсер етуі мүмкін. Әлеуметтік айырбас тұрғысынан қарайтын болсақ, неке келіссөздер мен алмасудың бір түрі, оның барысында әрбір серіктес некенің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалауға тырысады. Бұл тәсіл некеге байланысты шешім қабылдағанда әртүрлі факторларды, соның ішінде материалдық және әлеуметтік аспектілерді ескерудің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Жалпы, бұл теорияларды талдау отбасы ішіндегі қатынастардың күрделілігін және олардың қоғамдағы әлеуметтік процестерге әсерін түсінуге мүмкіндік береді [2].

Әлеуметтанудың негізін қалаушы О.Конттың пайымдауына сәйкес, қоғам үнемі тұрақты статикалық жағдайда болмайды [3]. Қоғамда орын алатын нормалар мен заңдылықтар үнемі өзгеріп отырады. Ол оны әлеуметтік динамика деп бөліп көрсетеді. Соған сай, отбасы да қоғамның даму кезеңдерімен бірге өзгерістерге ұшырап отырды. Отбасындағы құндылықтар мен қарым-қатынасты реттеп, қадағалап отыратын сыртқы әлеуметтік бақылаудың ресми және бейресми топтарының ықпал ету әлсіреуінен, адамдардың сезімдерін, ұрпақ жалғастыру қажеттіліктерін, ер мен әйелдің қоғамдық өмірде, еңбекте теңелуінен, жалпы некеге деген ұстанымдардың ауысуынан отбасы институты да айтарлықтай өзгерістерге ұшырады.

XX ғасырдың I жартысында орыс-американ әлеуметтанушы П.А. Сорокин атап өткен отбасындағы дағдарыстар бүгінде өзектілігін жоймады. Сорокин өз еңбегінде ерлі-зайыптылар арасындағы байланыстың әлсіреуінің дәлелі ретінде келесілерді атап өтеді:

- 1) ажырасу және «үстел мен төсектен ажырасудың» пайызының қарқынды өсуі;
- 2) неке санының азаюы, бұл «заңды некенің» жібімен өздерін байланыстырғысы келмейтін адамдардың көбеюі;
- 3) ерлер мен әйелдердің «некеден тыс» одақтарының өсуі;
- 4) жезөкшеліктің өсуі;
- 5) бала туудың төмендеуі;
- 6) әйелі күйеуінің қамқорлығынан босауы және олардың арасындағы қарым-қатынастың өзгеруі;
- 7) некенің діни негізінің жойылуы және
- 8) мемлекеттің ерлі-зайыптылар арасындағы адалдық пен некені қорғауға қауқарсыздығы [4]. Бұл тізімді дүние жүзінде және қазақстандық қоғамда өткен ғасырдың соңғы жылдарынан бастап белең алып жатқан тенденциялармен толықтыруға болады. Оларға 9) некесіз бала тууды; 10) бір жынысты некелерді; 11) чайлдфри; 12) свингерлер және т.б. жатқыза аламыз.

Қазақстандық әлеуметтанушы ғалым З.Ж. Жаназарова бүгінгі таңда қазақстандық отбасы да төтенше жағдайда екенін көрсетеді. Оның белгілері:

- 1) халықтың күрт кедейленуі, отбасы табысының төмендеуі;
- 2) жасөспірімдер арасындағы өз-өзіне қол жұмсау актілерінің өсуі;

3) жұмыссыз кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларының санының өсуі (олардың 10 % жуығы - толық емес отбасылар, 10% астамы - көп балалы отбасылар);

4) толық емес отбасылардың таралуынан көрінетін ата-ана мен отбасының (ерлі-зайыптылықтың) бөлінуі және ең болмағанда бір баласы болғысы келмейтін ерлі-зайыптылар санының көбеюі;

5) неке және отбасы институттарының бөлінуі. Нақты некенің өсуі және некеден тыс балалардың туылуы және т. б.;

б) аралық қатынастардың нашарлауы;

7) жағдайы төмен отбасылардың өсуі;

8) қолайсыз отбасылар санатының таралуы [5].

Д.Г. Наурзалина өз зерттеуінде толық емес отбасыны көп жағдайда баланың дамуына теріс әсер етеді деп айтады. Әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан алғанда, балалар экономикалық жағынан аз қорғалған және жиі бірге тұратын ата-аналардың шамадан тыс жұмыс істеуіне байланысты толығымен жалғыз қалады. Медициналық тұрғыдан алғанда, мұндай балалар ауыр түрінде болатын әртүрлі ауруларға бейім, ал есейген кезде әртүрлі соматикалық аурулармен ауырады. Психологиялық-педагогикалық аспектіні қарастыратын болсақ, толық емес отбасынан шыққан балаларда жүйке аурулары мен психикалық ауытқулар, мінез-құлық бұзылыстары жиі кездеседі, девиантты мінез-құлыққа бейім және көптеген психологиялық қиындықтары бар жеке тұлға қалыптасады [6].

А.Б. Қожахмет жасөспірім баланың тұлға ретінде әлеуметтену факторы ретінде толық емес отбасының салдарын талдайды. Ол толық емес отбасында баланың әлеуметтенуінің жағымсыз салдарын атап көрсетеді [7].

«Толық емес отбасы» анықтамасы тек посткеңестік елдердегі әлеуметтанулық әдебиеттерде қолданылады. Шетелдік зерттеулерде отбасы түрін белгілеуге арналған басқа сөз тіркестерін пайданылады. Балалардан және ата-аналардың бірінен тұратын отбасы «жалғыз ата-ана отбасы» немесе моно ата-аналық отбасы деп атайды. Соның ішінде неміс авторларының жұмыстарында «unvollstaendige Familie» сөз тіркесі қолданылады. Бұл сөзбе-сөз аударғанда «жалғыз ата-аналар отбасы» дегенді білдіреді [8].

Сонымен бірге неміс тілінде «einelternfamilie» терминін кездестіре аламыз, бұл «жалғыз ата-анасы бар отбасы» дегенді білдіреді. Толық емес отбасылар бірнеше себептер бойынша құрылады: баланың некеден тыс туылуы; ата-аналардың бірінің қайтыс болуы; ажырасу; ата-аналардың бөлек тұруы. Осындай негізде оларды: некеден тыс, жетім қалған, ажыратылған, бұзылған деп те атайды.

Қазақстан Республикасының ұлттық статистика бюросы ұсынған 2023 жылдың деректерінде статистикалық талдау көрсеткендей, қантар-қараша айлары аралығында жалпы ажырасулар коэффициенті Қазақстан бойынша 0,84-ті құрайды. Шығыс Қазақстан облысында бұл көрсеткіш-1,37; Қарағанды облысында-1,34 және Солтүстік Қазақстан облысында-1,25. Сондықтанда осы өңірлерде ажырасу салдарынан пайда болған толық емес отбасылар басым деген түйін жасаймыз [9].

Бұл өзекті мәселені зерттеу үшін әлеуметтанулық зерттеудің сандық әдістері ішінде онлайн сауалнама әдісі қолданылды. Онлайн сауалнама әдісі респонденттен шынайы мәліметтер алу арқылы мәліметтерді жинауды білдіреді. Толық емес отбасы, оның ішкі өмірі, балалары жайлы мәліметтер респондент үшін сезімтал тақырыптардың бірі. Зерттеуде 50 толық емес отбасынан респондент қатысты.

Зерттеу брысында толық емес отбасының құрамы, отбасылық қатынастарын саралай келе, мынадай түйіндер жасалды:

1. Толық емес отбасы құрамы ана және балалардан тұрады. 2-5 жас аралығындағы баласы бар әйелдер өздерінің ата-анасымен, болмаса жақындарымен бірге тұрғандықтан, әкенің орнын анасының жақындары басқан.

2. Ана мен бала қарым қатынас жақсы сипатта.

3. 24 пен 40-тан енді асқан әйелдердің жауабы бойынша, балалардың әкелерімен және оның туысқандарымен өзара байланысы жоқ. Ал күйеуі қайтыс болуы себебін толық емес отбасы болып саналатын отбасыларда ағайындық-туысқандық байланыстар берік сақталған.

4. Толық емес отбасында аналары жұмыстан тыс уақытта балаларына көп көңіл бөледі. Бірге серуендеп, ойын-сауық орталықтарына барады. Балалардың қызығушылығына қарай үйірмелерге берген.

Толық емес отбасының әлеуметтік-экономикалық мәселелеріне келетін болсақ, респонденттердің басым көпшілігі жұмысбасты екендігі анықталды. Сұралған респонденттердің көбінің баспанасы бар болып шықты. Табыс деңгейіне байланысты респонденттерді қосымша жұмыс қажет етпейтін, қосымша жұмыс істейтіндер және қосымша жұмыс істеуді қарастырып жүргендер деп үшке бөлеміз. Табыс мөлшері айлықтан басқа, алимент, пәтерді жалға беру, ересек балаларының табысын қоса алғанда 170 000 және 400 000 теңгенің аралығын құрады.

Толық емес отбасының мұқтаждықтар иерархиясы келесідей сипат алады:

1. Тұрғын үй
2. Білім алу
3. Киім-кешек алу
4. Психологиялық көмек

Респонденттердің басым бөлігі мемлекет тарапынан қандай да бір қаржылық көмекпен бірге, тұрғын үй алу бойынша да көмек алған.

Қазіргі қазақстандық қоғамдағы толық емес отбасы мәселесін талдауға арналған зерттеу жобасын қорытындылай келе, толық отбасылар мен толық емес отбасылар арасында қандай да бір ерекшеліктер көрінбейді деп түйіндей аламыз.

Мұқтаждықтары, табысы мен шығыс деңгейлері әрбір қазақстандықтың мұқтаждықтарына сәйкес келеді. Дегенмен, отбасылық қарым-қатынастар ең негізгі әлеуметтік мәселе болып тұрғанын айта аламыз. Әсіресе бұл «өзім үшін бала тудым» сияқты жалғыз басты аналардың балаларының өз шыққан тегін білмеуі, әкесі туралы бейненің, толық мәліметтің болмауы алаңдатар жағдай туғызады. Ажырасу нәтижесінде пайда болған толық емес отбасыларда балалардың кішкентай кезінде әкесімен қарым-қатынасының үзілуі есейе келе қайта көрініс табады.

Сонымен қатар, зерттеу шенберінде толық емес отбасыларға қатысты қолдау саясатындағы бағыттарды кеңейту қажеттігі анықталды. Оған тұрғын үйге қолжетімділігі арттырудан басқа, балалар бала-бақшаға тегін орналастырылуы, жоғары оқу орнына түскендегі жеңілдіктерді ұсыну жатады. Тұрғын үй қажеттілігін өтеуде ғана емес, сонымен қатар көлік сатып алуда әлеуметтік құрылымның толық емес отбасы санаттарына жеңілдіктер ұсынылуы қарастыру керектігін көрсетті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Энгельс Ф. Происхождение семьи, частной собственности и государства. – Litres, 2020.
2. Массионис Дж. Социология 4 - Издание. Издательство «Питер». Москва. 2004. 751 с.
3. Козер Л. А. Мастера социологической мысли. – Москва, 2006.
4. Сорокин П. Кризис современной семьи (Социологический Очерк) [Электронный Ресурс] //URL: [Http://Soul. Dn. Ua/Material/599](http://Soul. Dn. Ua/Material/599). – 2018.
5. Жаназарова З.Ж. Семья в контексте безопасности современного казахстанского общества // Материалы международной конференции «Семья – краеугольный камень в построении мира на земле». Алматы, 2004. С. 11.
6. Naurzalina D. G. Et Al. Психологический анализ влияния неполной семьи на развитие ребенка //Вестник Казну. Серия психологии и социологии. – 2014. – Т. 50. – №. 3.
7. Кожамет А. Б. Неполная семья, как фактор социализации личности ребенка подросткового возраста. – 2018.

8. Нафикова Г.З. Понятие неполной семьи и ее типы //Вестник башкирского университета. – 2009. – Т. 14. – №. 1. – С. 241-243.

9. Электронный ресурс <https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=31&slug=-26>

ӘОЖ 316.334.2

КЕДЕЙШІЛІК ЖӘНЕ ОНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕДЕЙШІЛІК ДЕҢГЕЙІ

Әділжанова Гүлдархан Әділжанқызы

gldarhan@inbox.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Абетова Зейнеп Тулегеновна

Халықтың өмір сүру деңгейін көтеру кез келген өркениетті мемлекетте әлеуметтік саясаттың басты мақсаты және оның тиімділігінің басты өлшемі болып табылады. Кедейшілікті азайту – бұл мақсатқа жетудің маңызды құрамдас бөлігі саналады. Кедейлік халықтың сапалық сипаттамаларының нашарлауына және әлеуметтік шиеленістерге толы әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктің күшеюіне әкеледі. Кедейлік тек тамақтың, киім-кешектің, баспананың жетіспеушілігі және адамдардың қажетті білім мен медициналық көмекке қолжетімсіздігі ғана емес. Өмірге қажеттінің бәрін, кем дегенде, ең төменгі деңгейде сатып алуға жеткілікті ақшаның болмауы ғана емес. Кедейлік мәселесі де гуманистік құрамдас бөлікке ие, яғни ол билік пен халық арасындағы қарым-қатынастың моральдық-этикалық аспектілеріне әсер етеді.

2001 жылдан 2010 жылға дейінгі кезеңде МЖӘ бойынша жан басына шаққандағы ЖІӨ үлесі 16 203,3 АҚШ долларын құрап, үш есе дерлік өсті, 2010 жылы соңғы тұтынуға жұмсалған орташа жан басына шаққандағы шығыстар жедел деректер бойынша 744,4 мың теңгені құрады, бұл 6,3 % мөлшерін құрайды. 2001 жылмен салыстырғанда 118,5 мың теңге жоғары екен. Ұлттық экономиканың өсу қарқыны аясында халықтың номиналды ақшалай табысының артуы байқалады. Мәселен, 10 жыл ішінде орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыс деңгейі айына 5,3 есе өсіп, алдын ала бағалау бойынша 40 473 теңгені құрады. Дүниежүзілік қаржы жүйесінің тұрақсыз жағдайына қарамастан, ел экономикасының дамуының оң серпіні республикадағы кедейшілік деңгейіне оң әсерін тигізді. 2001 жылдан бергі кезеңде жалпы республика бойынша табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 7,2 есеге қысқарды және 2010 жылдың соңында 6,5%-ды құрады, бұл қала үшін де, ауылдық жерлер үшін де оң үрдісті сақтайды. Қазақстан «Кірістері ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесін екі есеге арттыру» МДМ негізгі міндеттерінің бірін орындады. Алайда, кедейлік ел үшін, әсіресе ауылдық аймақтарда күні бүгінге дейін айтарлықтай күрделі мәселе болып қала береді. Осыған байланысты 2008 жылы елде МДМ алдына жаңа мақсаттар мен міндеттері қойылды. Ең басты міндет – табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен ауылдық елді мекендерде тұратын халық санын екі есе қысқарту. Қазақстан «Кірістері ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесін екі есеге арттыру» МДМ негізгі міндеттерінің бірін орындады. Алайда, кедейлік ел үшін, әсіресе ауылдық аймақтарда күні бүгінге дейін айтарлықтай күрделі мәселе болып қала береді. Осыған байланысты 2008 жылы елде МДМ алдына жаңа мақсаттар мен міндеттері қойылды. Ең басты міндет – табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен ауылдық елді мекендерде тұратын халық санын екі есе қысқарту.

Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсам соңғы жылдары еліміздегі әлеуметтік жағдайы бойынша "төмен, орташа, жоғары" көрсеткіш көрсеткен қалалар:

- Төмен – Астана мен Алматы, Қарағанды, Павлодар және Ақмола облыстары